



FTAMP 14.35.01

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-152-3-188-204>

Ғылыми мақала

Болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесінің негіздері

Г.Ж. Ержанова¹, А.Н. Аутаева*²

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*²Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

(E-mail:¹Gulnur_ppf@mail.ru, *²akbota-n@mail.ru)

Аңдатпа. Мақала болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесінің негіздерін қарастыруға арналған. Мақалада болашақ арнайы педагогтердің «зерттеушілік құзыретін» дамыту мәселесінің негіздері бойынша отандық және алыс, жақын шетелдік ғалымдардың сапалы зерттеулеріне талдау жасалды. «Құзырет» түрлері мен олардың сипатталу барысы берілді.

Мақаланың мақсаты: Болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесінің негіздерін анықтау.

Бұл мақсатты жүзеге асыру келесі міндеттермен анықталады: болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесін анықтауға бағытталған сауалнама жүргізу; болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесін қарастыру. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесін анықтау.

Болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесін анықтау мақсатында 6B019-Арнайы педагогика: Сурдопедагогика, олигофренопедагогика, тифлопедагогика, логопедия білім беру бағдарламасы бойынша оқитын болашақ мамандардан алынған сауалнаманың мазмұны беріліп, оның нәтижесі сипатталды. Сауалнама нәтижесі бойынша болашақ арнайы педагогтердің «зерттеушілік құзыретін» дамытудың мәселесі анықталды. Болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесі: «арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту» таңдау пәнін ендіру, «Жас ғалымдар» клубының жоспары бойынша іс-шаралар ұйымдастыру, республикалық, университет, институт, кафедра көлемінде байқаулар өткізу, халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларға қатысу қарастырылған.

Түйін сөздер: құзырет; құзыреттілік; зерттеушілік құзырет; болашақ арнайы педагогтер; «зерттеушілік құзыретін» дамыту мәселесі; әдістер; білім беру.

Кіріспе

Қазіргі таңда ғылым мен білімді дамыту мемлекеттің стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады. Мектеп табалдырығынан жоғары оқу орындарына дейінгі барлық білім беру деңгейінде құзыретті мамандарды даярлауға бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы педагог кәсібінің мәртебесін арттыру, педагогикалық білім беруді жаңғырту және ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайтуға басымдық беріп отыр. Осылайша, еліміздің ғылымға, білімге деген құлшынысы жанып тұрған жастарды қолдау және инновациялық білім беру жүйесін құру мәселесі жан-жақты қарастырылып, заманауи талаптарға сай білім мен ғылым саласының дамуына негіз қалануда (adilet.zan.kz, 2021);

Осындай түйткіл ойды жүзеге асыруда жоғары оқу орындарында білім мен ғылымды қамтамасыз ететін бірден-бір білім беру бағдарламалары сөзге тиек етеді. Білім беру бағдарламалары аясында университет табалдырығын аттаған білім алушыларға толықтай білімді, білікті, бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына ат салысатын, ғылым мен білімді, теориямен практиканы ұштастыратын, құзыретін қалыптастыратын пәндер қатары беріледі.

Ekaterina Strekalova-Hughes; Kindel T. Nash; Bevin Schmer; Karnissa Caldwell зерттеулерінде жекелендірілген оқыту бойынша соңғы сапалы зерттеулер қарастырылады, сонымен қатар, дербестендірілген оқыту білім алушылардың нені және қалай оқитынын, педагогиканы және оның мақсатын болашақ мамандардың бірегей қызығушылықтарына, қажеттіліктеріне және қабілеттеріне бейімдей отырып, білім алушылардың зейін қоюын бірінші орынға қою арқылы оқу орынындағы білім беруде төңкеріс жасауға және білім берудегі теңсіздікке қарсы тұруға бағытталған педагогикалық тәсіл ретінде қарастырылады. Бұл тәсілдің оқудағы болашақ мамандардың бірегейлігіне баса назар аударылатындығын ескере отырып, біздің талдауымыз жекелендірілген оқыту зерттеулеріндегі мәселелерді тұжырымдау, жобалау және логика, дәлелдеу көздері, талдау және интерпретация, сондай-ақ тәжірибеге әсері туралы қалай хабардар ететінін экстраполяциялайды. Бұл шолу оқудағы ғылыми теория туралы тиісті әдебиеттер мен зерттеушілер мен зерттеуге қатысушылардың мәдени ұстанымдары мен сәйкестіктерінің жоқтығы арасындағы сәйкессіздікті көрсетеді. Бұл білім беру дәлелдерінің сапасына әсер етіп, білім алушылардың әртүрлі қауымдастықтары үшін жекелендірілген оқыту тәсілін жүзеге асыруды терең түсінуге кедергі келтіретін сияқты. Біз әртүрлі білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған тәжірибелерді зерттеу бүкіл зерттеу процесіне енетін өзгерістер теориясының бөлігі ретінде білім алушылар мен зерттеушілердің мәдениеттері мен ұстанымдарына назар аударуы керек деп санайды (Ekaterina Strekalova-Hughes et al., 2021);

Norma C. Ming; Lauren B. Goldenberg авторлар зерттеушілерді ғылыми-зерттеу кәсіпорны арқылы білімнің қалай анықталатынына, құрылатынына және расталатынына әсер ететін қуат динамикасына назар аудара отырып, зерттеу сапасын күтілетін пайдалану тұрғысынан қайта қарауға шақырады. Білім беру саласындағы зерттеулерді жобалау және жүргізу кезінде осы мәселелерді шешу әділетті білім беру жүйелерін құру үшін пайдалы зерттеу дәлелдерін бере алады. Зерттеулерді қолдану және әдістемелік,

практикалық қолдану негіздемесін ұсынады (Norma C. Ming and Lauren B. Goldenberg, 2021);

Еліміздегі жоғары білім беру жүйесін қарқынды дамуының маңызды нобайы ретінде Еділбай Оспан академиялық жазылым негіздерін басты бағытқа қойды (Оспанов, 2020); Carole Lunny; Emma K. Reid; Trish Neelakant; Alyssa Chen; Jia He Zhang; Gavindeep Shinger; Adrienne Stevens; Sara Tasnim; Shadi Sadeghipouya; Stephen Adams; Yi Wen Zheng; Lester Lin; Pei Hsuan Yang; Manpreet Dosanjh; Peter Ngsee; Ursula Ellis; Beverley J. Shea; James M. Wright зерттеулерінде бір тақырып бойынша жүргізілген көптеген зерттеу ресурстарын синтездеді және жүйелі іздеулер жүргізді және әдеби шолулар ауқымы бойынша кең немесе тар және бір-біріне ұқсас, дерлік бірдей, ішінара немесе жиынтық ретінде сәйкестігін басқа шолулардың кем дегенде бір нәтижесін қамтитын жағдай ретінде анықтады. Авторлары осы зерттеуді және шолу үлгісін болашақ талдау үшін дәлелдемелердегі олқылықтарды және қайталануды қажет етпейтін зерттелген тақырыптарды анықтау үшін пайдалана алады (Carole Lunny et al., 2021);

Дәл осы пікірде Marnewick, C., Chetty, J. пайымдауынша студенттерді теория мен ғылыми жұмыстармен айналысуға және олардың түсініктері негізінде өз ойын ғылыми дәлелдермен жеткізу және болашақ мамандардың кері байланысын талдау олардың дәстүрлі дәрістерден гөрі әдіс-тәсілдер арқылы көрсету тәжірибесін оң пікір ретінде қарастырған (Marnewick and Chetty, 2021);

Д.К. Садирбекованың зерттеу жұмысында құзыреттілік ұғымын білім, білік, дағдыға қарағанда кең, ауқымды түрде қарастырылатынын, бұған қоса осы түсініктердің сәйкестігі деп атап өтті, сонымен қатар, белгілі бір сипатты, қабілетті қимтитыны жайында баса назар аудара отырып атап кеткен (Садирбекова, 2018);

Д.И. Мухатаеваның пайымдауынша құзырет ұғымын білім, білік, дағды жиынтығының динамикалық үйлесімі деген анықтама берген, құзыреттілік оқытумен тәжірибенің кәсіби үрдісіндегі білім, білік, дағдыларды меңгерудегі стандартты және стандартты емес жағдаят ретінде қарастырған, бұған қоса, өзінің зерттеу жұмысында жобалық құзыреттілікті айырықша қарастырған (Мухатаева, 2018);

Құзырет – адамның бойындағы қабілетін барынша, шынайы игере алуы, нәтижеге қол жеткізуі. Құзыреттілік – соның нәтижесінде алған білім, білік, дағдылары. Әрбір болашақ мамандарымыз университет қабырғасын тәмамдағанда білімге, білікке, дағдыға ие болып, жан-жақты құзыретті маман болып шықса нұр үстіне нұр болар еді. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орындардың ақсап тұрған мәселесі – ғылыммен айналысу қалыс қалып жатыр. Шет елдердің жоғары оқу орындарымен салыстыратын болсақ, алшақтық жермен көктей болып тұрғаны баршамызды қынжылтады. Осындай мәселелерді көтеруде болашақ мамандарды университет табалдырығын аттағаннан бастап ғылымға баулу, әрбір пән модулінде зерттеушілік құзыретін дамыту басты орынға қойылу дағдыға айналуы тиіс (Хуторской, 2008);

Білім мен ғылымды білім алушылардың бойына дарытатын іс-әрекет еліміздің барлық жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларына тән ерекшелік деп білеміз. Соның ішінде Республикада 16 оқу орынында «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Бағдарлама мазмұнында әрбір пәнді оқытуда білім алушылардың зерттеушілік құзыретін қалыптастыруға оқу нәтижелері дәлел бола алады. Болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту бүгінгі күні өзекті

мәселеге айналып отыр. Оның себебі «Жаңа Қазақстан» болашағын қалайтын маман-дарымыздың құзыреті асқақ болғаны – ел болашағы, ұлт болашағы. Еліміздің дамуына жағдай жасайтын, өзгеріске алып келетін, жылжымалы күш – ол әрине, жоғары оқу орындары. Алдыңғы елдердің қатарында болу, солармен тең дәрежеде дамуға бірден-бір сүбелі үлес қосатын біздің болашағымыз жастарымыз. Осы жастардың толықтай білім алуы, кәсіби құзыреттерін ояту, оларды ғылымға тарту, баулу, зерттеушілік құзыретін дамытар болсақ, ел болашағы дамиды.

А.В. Хуторскойдың пайымдауынша зерттеушілік құзырет-бұл белгілі бір саладағы білімдер жиынтығы, зерттеу дағдыларының болуы, зертеу жұмысына қажетті болжамдарды ұсыну және негіздемесін қарастыру барысында мәселелерді талқылау және шешу, мақсат қою және жобалау, қажетті ақпаратты жинау және саралау қарастырылған және ең оңтайлы әдістерді таңдау, эксперимент жүргізу, зерттеу нәтижелерін ұсыну тиімділігі осы білім мен дағдыларды қолдану қабілетінің болуындағы нақты қызмет ретінде қарастырған (Хуторской, 2008, б. 458); Бұған қоса, бірқатар ғалымдардың пікіріне сүйенетін болсақ, зерттеушілік құзырет-зерттеу жүргізудегі, белгілі бір жаңа білім, жаңа интеллектуалды өнім алу, жаңа жоба құру, мәселенің жаңа шешіміндегі білімнің, қабілеттің, дағдылардың және тәжірибенің жиынтығы, кез-келген мәселені тиімді зерттеуде тұлғада бағдарланған қасиеттер мен дағдылар деп атап өткен (Ефричёва, Мельник және Михайлюкова, 2021);

Ресейде Арсентьева М.В. еңбегінде жоғары оқу орындарында студенттердің зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыру қажеттігі жайында мақұлдаған (Арсентьева, 2012);

Зерттеушілік құзырет – шығармашылықпен айналысу, өздік жұмыстарды шығармашылыққа баулу арқылы түсініп орындау, ғылыми-зертеу дағдыларын, қабілетін дамыту.

Зерттеушілік құзырет– әртүрлі салалардағы ғылыми-зертеу жұмыстарын жүргізуге қажетті білім, дағдылар мен қабілеттер жиынтығы болып табылады. Зерттеушілік құзыреттің негізгі құрамдас бөліктерін төмендегі тармақтар бойынша сипаттауға болады:

– *Ақпарат іздеу және талдау.* Зерттеу жұмысына қажетті ақпаратты жүйелі түрде бірізділікпен іздестіріу жұмыстары, оның шынайылығы мен өзектілігін бағалау, сонымен қатар ақпарат көздерін сыни тұрғыдан талдау қабілеті.

– *Зерттеу мәселесін анықтау және сұрақ қою.* Зерттеу тақырыбының мән-мағынасын, маңызын айқындау, негізгі мәселені дұрыс белгілеу және нақты, бағытты зерттеу сұрағын қалыптастыру арқылы ізденіс процесінің бағытталуын қамтамасыз ету.

– *Зерттеу жобасын әзірлеу.* Зерттеу жоспарын құру, мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерді, деректерді жинау құралдарын және зерттеу әдістемесін таңдау арқылы жұмыстың құрылымын және стратегиясын айқындау.

– *Деректерді жинау және талдау.* Әртүрлі әдістер, атап айтар болсақ, бақылау, сауалнама, эксперимент және т.б. арқылы ақпаратты жинау, сонымен қатар, статистикалық немесе басқа талдау әдістерін қолданып, деректерді жүйелі түрде өңдеу және талдау.

– *Нәтижелерді интерпретациялау.* Алынған деректерді талдау нәтижесінде алынған ақпаратты мағыналы түрде түсіндіру, қорытындылар жасау және зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыдан бағалау.

– *Сын тұрғысынан ойлау*. Ақпарат пен деректерді сыни көзқараспен талдау, зерттеу әдістерінің тиімділігін бағалау және жұмыстың ықтимал шектеулерін анықтап, оларға назар аудару.

– *Зерттеу нәтижелерін ұсыну*. Зерттеу қорытындыларын жазбаша есептер, ғылыми мақалалар немесе презентациялар арқылы нақты әрі дәл жеткізу, нәтижелерді аудиторияға түсінікті және логикалық түрде баяндау.

– *Этикалық нормаларды сақтау*. Зерттеу жүргізу барысында ғылыми этика қағидаларын сақтау, қатысушылардың құпиялылығы мен әділдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ зерттеу жұмысының қоғамдық жауапкершілігін ескеру (Ефричѐва, Мельник және Михайлюкова, 2021, б. 61); Осылайша, зерттеушілік құзырет – ғылыми-зерттеу жұмыстарын тиімді жүргізуге ықпал ететін кешенді құбылыс болып табылады, ол зерттеушінің кәсіби дамуы мен ғылыми қоғамдастықтағы беделін арттыруға жағдай жасайды.

Cecilia KY Chan; Hannah YH Wong зерттеушілік құзырет студенттердің жоғары оқу орындарында, бакалавриатта да, магистратурада да дамуын арттыру үшін көбірек қолданыла бастағанын, сонымен қатар білім алушылардың дербестігі рефлексияда, әсіресе білім алушылардың оқу тәжірибесін қалай түсіндіретінінде өте маңызды екенін атап айтқан. Рефлексия белсенді оқытудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені студенттер алған немесе бастан өткерген нәрселері туралы ойлау процесіне белсенді қатысады. Сондай-ақ, бүгінгі күні рефлексияны қолданудың көптеген тәсілдері бар, мысалы, рефлексиялық эсселер, бейнелер және онлайн блогтар, мұнда рефлексиялық процестер мен тәсілдер, әсіресе технологияны енгізуге қатысты әртүрлі болуы мүмкін. Оқу ортасында білім алушыларға білім мен тәжірибені практикаға беру мақсатында рефлексиялық тәсілдер қабылданады (Cecilia and Hannah, 2021);

Бүгінгі күні өмір мектебінің қай саласында болмасын әртүрлі жағдайларға бейімделе білетін, бойында шығармашылық қасиеттері қалыптасқан бәсекеге қабілетті тұлғаға сұраныс көп. Бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту үшін болашақ маманды ізденімпаздыққа, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін тұжырымдап, қорытынды жасай білуге дайындау қажет. Осы қажеттіліктерге байланысты, білім берудің жаңа парадигмалық жағдайында арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамытуға деген сұраныс туындайды. Заманның сұранысына сай жаңашыл маман қатарында зерттеушілік құзыреті қалыптасқан педагог ерекше орын алуда. «Зерттеу» сөзінің түсінігі – танымдық қызметтің арнайы түрі ретінде ғылымға тән жаңа білім өндіру тәсілі деп түсіндіріледі (Ефричѐва, Мельник және Михайлюкова, 2021, б. 62); «Ал зерттеушілік іс-әрекетке» философиялық сөздікте – жаңа білім өндіруге бағытталған ойлау туралы, қоғам туралы әрекет деген түсінік берілген. Жоғары оқу орнында зерттеушілік құзыретке бағытталған оқу үдерісі болашақ мамандардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мен оқу белсенділігін арттырып, танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру, бұл болашақ қызметінде зерттеушілік білім беруде маңызды рөл атқарады деген тұжырымға келе отырып, студенттердің зерттеушілік құзыретін дамыту арқылы ғылыми іс-әрекетке баулу деп қарастырамыз. В. М. Нагаевтың зерттеуінде өзіндік жұмыс жасаудың екі түрін ажыратады: мазмұнды, адамның адекватты шешім қабылдау қабілеті жоқ және ұйымдастырушылық, іскерлікпен қабылданған шешімді іске асырумен өз жұмысын

ұйымдастыру. Атап өткендей ғалым, тек осы екі түр болған жағдайда ғана адамның шынайы шығармашылықпен айналысуға, өзбетімен жұмыс жасауын айтуға болады (Нагаев, 2007);

Calixto Tapullima-Mori; Sandra Lucero Pizzan Tomanguillo; Nieves del Pilar Pizzan Tomanguillo; Miriam Vásquez Sánchez; Juan Jesús Soria Quijaite зерттеудің мақсаты университет студенттері арасында ғылыми әдебиеттердегі ғылыми құзыреттілік бойынша зерттеулерді жүйелеу болды. Осы тұрғыдан алғанда, студенттердің ғылыми-зерттеу дағдыларын жетілдіруге ықпал ету үшін нақты аспектілерді шешудің маңыздылығын көрсете отырып, жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу дайындығы мен практикасын жетілдіру үшін құнды ақпарат беріледі. (Calixto Tapullima-Mori et al., 2025);

Бүгінгі күні заманауи технологиялардың күрт дамуы, экологияның залалсыздануы, дұрыс тамақтанбау және т.б. зиянды әрекеттердің орын алуы ерекше қажеттілігі бар балалардың өмірге келуіне түрткі болып отыр. Осындай балалармен жұмыс жасауда, оның алдын алуда болашақ арнайы педагогтердің біліктілігі қажет. Мұны жүзеге асыруда жан-жақты құзыретті болуы абзал. Ал осы құзыреттіліктерді дамытуда бастысы – зерттеушілік құзырет. Ғылым дамыған жерде ел дамиды (Yerzhanova, 2024);

Елімізде арнайы білім саласына үлес қосқан ғалым З.А. Мовкебаеваның еңбегінде ерекше қажеттілігі бар тұлғалардың мамандық таңдауға дайындығы туралы атап өтті (Мовкебаева, 2018);

Қазақстан Республикасында педагогикалық университеттердің арнайы педагогика мамандығы студенттеріне сурдопедагогика негіздерін әзірлеуге алғашқы талпыныстарды профессор А.Н. Аутаева жасады (Аутаева, Махметова және Бутабаева, 2011);

Pérez-Castejón, D., & Vigo-Arrazola, M. B. зерттеулерінде практикалық тәжірибенің құндылығын мойындаудың, басқалармен ой бөлісудің, инклюзивті білім беру жағдайларын зерттеу мен түрлендірудің инклюзивті білім беруге деген оң көзқарасты немесе қабылдауды қалыптастырудың маңызды қызметі ретінде маңыздылығын көрсетеді (Pérez-Castejón and Vigo-Arrazola, 2021); Roddy Theobald; Jay Plasman; Michael Gottfried; Trevor Gratz; Kristian Holden; Dan Goldhaber зерттеулерінде мүмкіндігі шектеулі және мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың кәсіптік мансап пен техникалық білімге қатысу тенденцияларын зерттеу үшін деректерді пайдаланады және қолданыстағы анықтамаларға сәйкес, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың ұзақ мерзімді нәтижелерді жақсартумен байланыстыратын алдын ала деректерді ескере отырып, жігерлендіреді (Roddy Theobald et al., 2021);

Мақаланың мақсаты: Болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесін анықтау. Төменде берілген мақсат келесідей міндеттермен анықталады:

- болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәсел
- есін анықтауға бағытталған сауалнама алу;
- болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесін талдау.

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесін анықтадық.

Материалдар мен әдістер

Негізгі ақпараттарды жинау үшін сауалнамалар пайдаланылды. Әзірлеген сауалнаманың сұрақтары ашық және жабық түрде болды. Зерттеу мақсатына жету үшін

бірқатар әдістер қолданылды: тақырып бойынша ғылыми зерттеулерді талдау және жалпылау, сауалнама, мазмұнды талдау және сипаттамалық статистика әдісі. Зерттеу мақсатына сай келетін әдістерді жүйелі етіп қолдану құнды нәтижеге қол жеткізеді. Зерттеу әдістемесі болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесіне негізделген.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың білім алуына кепілдік беретін және оларға өздерінің кәсіби мүдделері мен қажеттіліктерін іске асыруға мүмкіндік беретін нормативтік-құқықтық құжаттар әзірленді. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (adilet.zan.kz, 2021); Қазақстан Республикасының «Ерекше балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы» Заңы (adilet.zan.kz, 2021); Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (adilet.zan.kz, 2022); Жоғарыда берілген материалдарға сүйене отырып, біз арнайы білім беруді дамыту жағдайында болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесін анықтау үшін сауалнама құрастырылды және білім алушыларға ұсынылды.

Болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамытуды анықтау мақсатында 6B019-Арнайы педагогика мамандығында оқитын студенттерден сауалнама алынды. Сауалнамаға 3-4 курстың 64 студенттері қатысты.

Деректерді жинақтау құралдары: Эксперимент анықтаушы кезеңнен тұрды. Анықтаушы эксперимент барысында болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту анықталып, болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту деңгейін диагностикалау бағдарламасының мазмұны нақтыланды. Болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мақсатында 3-4 курс білімалушыларына сауалнама берілді.

Студенттерге берілген сауалнама сұрақтары:

1. Зерттеу жұмысы дегенді қалай түсінесіз және сіз оны қалай орындар едіңіз?
2. Өзіңізді өз салаңыздың кәсіби маманы ретінде көрсету үшін және біліміңізді одан ары қарай жетілдіру үшін қандай құзырет маңызды деп санайсыз?
3. Сіз оқытушылардан сабақта «зерттеушілік құзыретті» дамыту үшін қандай әдістерді қолданғанын қалайсыз?
4. Зерттеудің қай түрі сізге таныс (сандық, сапалық, бақылау, эксперимент)?
5. Сіз өзіңіздің ғылыми нәтижелеріңізді жариялай аласыз ба? Олай болса, қандай ғылыми журналдарда немесе конференцияларда?

Бұл сұрақтар студенттердің ғылыми зерттеулердегі құзыреттілік деңгейін бағалауға және жақсарту мен қосымша дамудың мүмкін бағыттарын анықтауға көмектеседі. Зерттеудің мазмұны мен мақсаттарына байланысты сауалнамаға сұрақтар қосуға немесе өзгертуге болады.


Қарастырылып отырған мәселе бойынша зерттеудің эмпирикалық және теориялық әдістері жан-жақты пайдаланылды. Зерттеудің эмпирикалық әдістері ретінде бақылау және оның түрлері, әңгімелесу, кәсіби сұхбат, сауалнамалар, эксперимент, т.б. әдістер кеңінен қолданылды. Теориялық деңгейдегі әдістер ретінде анализ, синтез, аналогия, абстракция, салыстыру, индукция және дедукция, әдебиет көздерін зерттеу, жалпылау, жүйелеу т.с.с. әдістер пайдаланылды.

Этикалық мәселелер. Эксперимент барысында зерттеу құзыреттілігін дамыту мақсатында 3-4 курс студенттері арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша студенттер ғылыми-зерттеу қызметін орындау қабілетінің деңгейіне қарай бақылау және эксперименттік топтарға бөлінді. Аталған ақпарат әрбір қатысушының назарына жеткізілді. Эксперимент студенттердің келісімімен жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу барысында болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту бойынша 3-4 курс «Арнайы педагогика» мамандығы студенттеріне сауалнама жүргізілді. Қатысушылар: экспериментке Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Арнайы педагогика кафедрасы 6В01901 – «Арнайы педагогика: Сурдопедагогика», 6В01902 – «Арнайы педагогика: Логопедия», 6В01903 – «Арнайы педагогика: Олигофренопедагогика», 6В01904 – «Арнайы педагогика: Тифлопедагогика» білім беру бағдарламасының 3-4 курс студенттері. Сауалнама жүргізуде зерттеліп отырған тақырып аясында бірнеше сұрақтар қарастырылды. Студенттердің өз бойында қандай «құзырет» бар екендігін білу мақсатында оларға «Зерттеу жұмысы дегенді қалай түсінесіз және сіз оны қалай орындар едіңіз?» деген сұрақ қойылды. Берілген сауалнама бойынша жауаптардың ішінен өзіне қатыстысын белгіле: түсінбеймін, түсінемін, аздап хабарым бар, тәжірибемде кездестірмедім, болашақта қажет деп ойламаймын.

Нәтижесінде студенттердің 12% түсінбеймін, 13% түсінемін, 25% аздап хабарым бар, 35% тәжірибемде кездестірмедім, 15% қажет деп ойламаймын жауаптарын белгіледі. Сұрақ нәтижесі 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Сауалнаманың 1-сұрағының көрсеткіші

Болашақмамандар арнайы білім беру саласында жұмыс істеу үшін қандай құзыреттерді дамыту маңызды деп санайтынын анықтау барысында, оларға «Өзіңізді өз салаңыздың кәсіби маманы ретінде көрсету үшін және біліміңізді одан ары қарай жетілдіру үшін қандай құзырет маңызды деп санайсыз?» деген сұрақ қойылды.


Рецензенттердің сауалнама сұрағының қойылуы барысында 35% зерттеушілік құзыретті, 33% кәсіби құзыретті, 12% ақпараттық құзыретті, 11 % коммуникативті құзыретті, 9 % жауап беруге қиналамын жауабын таңдаған болатын. Сұрақ нәтижесі 2-суретте ұсынылған.



Сурет 2. Сауалнаманың 2-сұрағының көрсеткіші

1 және 2 сұрақтарының нәтижесі бойынша студенттер өз бойындағы зерттеушілік құзыреттерінің жеткіліксіз деңгейде дамығандығын және болашақта оларға білімдерін жалғастыруда, арнайы білім беру саласында ерекше білім беруде қажеттілігі бар балалардың диагноздарын зерттеуде маман ретінде қажет болатын көрсетті. Сонымен қатар жұмыс берушілердің мамандардан көрсетілген құзыреттерді талап ететінін түсінетіндерін аңғартты. Бұл олардың өз бойларында болашақ маман ретінде басқа құзыреттермен бірге зерттеушілік құзыреттің дамуын қажет ететіні байқатады. Яғни олардың кәсіби құзырет, ақпараттық құзырет, коммуникативті құзырет дағдыларын дамыту бойынша арнайы жұмыстар жүргізу қажеттігі туындады.

Студенттердің «зерттеушілік құзыретін» дамыту үшін ең тиімді әдістерін анықтау үшін «Сіз оқытушылардан сабақта «зерттеушілік құзыретті» дамыту үшін қандай әдістерді қолданғанын қалайсыз?» сұрағы берілді. Қатысушылардың 75 % жобаны, 51 % зерттеушілік әдісті, 34 % дебат, 57 % кейс әдісті, 31 % топпен жұмысты, 85 % интербелсенді әдісті жазған. Сұрақ нәтижесі 3-суретте ұсынылған.




Сурет 3. Сауалнаманың 3-сұрағының көрсеткіші

Нәтижесінде болашақ арнайы педагогтердің «зерттеушілік құзыретін» дамытуда әдістердің ішінде ең тиімді әдістері анықталды: жоба, зерттеушілік әдіс, кейс, цифрлық платформа.

Зерттеудің қай түрі сізге таныс (сандық, сапалық, бақылау, эксперимент, психодиагностикалық)? Қойылған сауал бойынша қажетті бағытты белгілеңіз (өз ұсынысыңыз).

Сауалнамаға қатысушылардың 12 % сандық, 11% сапалық, 90% бақылау, 75% эксперимент, 98% психодиагностикалық ұсынылды. Сұрақ нәтижесі 4-суретте ұсынылған.



Сурет 4. Сауалнаманың 4-сұрағының көрсеткіші

Нәтижесінде болашақ арнайы педагогтердің «зерттеушілік құзыретін» дамытуда зерттеу түрі ішінде ең тиімді қолданылатыны анықталды: бақылау, эксперимент, психодиагностикалық.

Сіз өзіңіздің ғылыми нәтижелеріңізді жариялай аласыз ба? Олай болса, қандай ғылыми журналдарда немесе конференцияларда?

Сауалнамаға қатысушылардың 12 % республикалық журналдар, 5% халықаралық журналдар, 45% әлі дайын емеспін, 18% қызығушылығым жоқ, 20% дайындықты талап етеді. Сұрақ нәтижесі 5-суретте ұсынылған.



Сурет 5. Сауалнаманың 5-сұрағының көрсеткіші

Болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту жолдарын анықтау мақсатында білім алушыларға «Сіз өзіңіздің зерттеушілік құзыретіңізді қалай дамытқыңыз келеді? Өз ұсыныстарыңызды жазыңыздар» деген сұрақ қойылды. Білім алушылар бұл сұрақ бойынша төмендегідей ұсыныстар берді:

- халықаралық, республикалық, жергілікті конференцияларға қатысу;
- ғылыми деңгейде қаржыландыратын жобалық конкурстарға қатысу;
- «Арнайы педагогика» кафедрасы аясында құрылған жас ғалымдар клубына қатысу;
- зерттеушілік іс-әрекетін, зерттеушілік құзыретін дамытуда қосымша білім алу;
- зерттеушілік құзыреттерін дамыту барысында топтық жұмыс жасау;
- «Болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселелері»

арнайы курс бойынша білім алу;

- университет қабырғасында өтетін ғылыми іс-шараларға қатысу.

Сауалнама нәтижесі бойынша болашақ арнайы педагогтерді дамытудың келесідей жолдары анықталды:

– «Болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту» таңдау пәнін ендіру;

- «Жас ғалымдар» клуб жұмысын жандандыру;
- «Үздік мақала» ғылыми байқауларын өткізу;
- «Арнайы педагогика» мамандығы студенттерінің зерттеушілік құзыретін дамыту.

Қорытынды

Зерттеу жұмысында болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесі бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық және қолданбалы зерттеулеріне шолу жасалды. Ғылыми зерттеулерді талдау нәтижесінде «зерттеушілік құзырет» сипаттамасы және жіктемесі ұсынылды.

Болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселелерін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамытудың келесідей жолдары анықталды: студенттердің білім беру бағдарламасына «арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту» таңдау пәнін ендіру, «Жас ғалымдар» клубының жоспары бойынша іс-шаралар ұйымдастыру, оқу орыны, білім беру бағдарлама көлемінде байқаулар өткізу, ғылыми конференцияларға қатысу.

Анықталған болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесі бойынша алдағы уақытта Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Арнайы педагогика кафедрасы 6B01901 – «Арнайы педагогика: Сурдопедагогика», 6B01902 – «Арнайы педагогика: Логопедия», 6B01903 – «Арнайы педагогика: Олигофренопедагогика», 6B01904 – «Арнайы педагогика: Тифлопедагогика» білім беру бағдарламасының 3-4 курс студенттерімен жұмыстар жүргізіледі.

Зерттеу нәтижелері болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамытуда келесі негізгі тұжырымдарға қол жеткізуге мүмкіндік берді:

– Ғылыми әлеуетті арттыру: Білім беру бағдарламаларында зерттеушілік құзыретті дамыту студенттердің кәсіби және ғылыми көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл өз кезегінде елдің ғылыми әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

– Оқыту әдістерін жетілдіру: Интербелсенді оқыту, жобалық жұмыстар, кейс-талдау және топтық жұмыстар сияқты әдістер студенттердің зерттеу дағдыларын дамытуға тиімді әсерін тигізеді. Оқу процесіне осындай әдістерді енгізу білім беру сапасын жоғарылатуға септігін тигізеді.

– Зерттеушілік мәдениетті қалыптастыру: Болашақ арнайы педагогтердің өз саласында ғылыми зерттеу жүргізуге деген ынтасы мен құлшынысын арттыру, олардың ғылыми нәтижелерді жариялау тәжірибесін қалыптастыру – заманауи білім беру жүйесінің негізгі шарттарының бірі болып табылады.

– Жаңа технологияларды пайдалану: Заманауи цифрлық платформалар мен технологияларды қолдану болашақ мамандардың ғылыми-зерттеу қызметінде жаңа мүмкіндіктер ашуға және инновациялық шешімдерді енгізуге ықпал етеді.

Осылайша, болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесі – білім беру жүйесінің өзекті бағыты ретінде қарастырылып, студенттердің ғылыми әлеуетін арттыруға және білім сапасын жоғарылатуға бағытталған кешенді шараларды талап етеді. Болашақ мамандардың зерттеушілік дағдыларын жетілдіру арқылы елдің ғылыми және білім беру саласындағы бәсекеге қабілеттілігі артатыны сөзсіз.

Бұл мақалада «Болашақ арнайы педагогтердің зерттеушілік құзыретін дамыту мәселесінің негіздері» өзекті мәселелерін жан-жақты қарастырып, қажетті әдістемелік және практикалық шараларды талдауға бағытталған ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері болып табылады.

Авторлардың қосқан үлесі

Ержанова Гульнур Жарбулгановна – теориялық тұжырымдаманы, зерттеу нәтижелерін түсіндіру және ұйымдастыру, орыс және ағылшын тілдеріндегі материалдарды талдау, мақала жазу, соңғы нұсқасын рәсімдеп, баспаға ұсынуға дайындау үлесінде болды.

Аутаева Акбота Нурсултановна – зерттеу тұжырымдамасы мен әдістемесін жобалау, зерттеу нәтижелерін түсіндіру, мақала жазу, қорытынды жазу.

Әдебиеттер тізімі

Арсентьева М.В. (2012) Психологические факторы успешного обучения студентов в вузе, Известия Тульского государственного университета. Технические науки, 11. №. 2.- С. 214-221. Қолжетімді: <https://elibrary.ru/item.asp?id=18963090> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 6 мамыр).

Аутаева А.Н., Махметова А.А., Бутабаева Л.А. (2011) Сурдопедагогика негіздері. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ "Ұлағат" баспасы. – 155 б.

Ефричьева О.Ю., Мельник И.В., Михайлюкова В.С. (2021) Исследовательская компетенция: ее сущность и содержание, Актуальные исследования, 14 (41). - С. 59-62. Қол-жетімді: <https://elibrary.ru/item.asp?id=45535672> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 6 мамыр).

Қазақстан Республикасы (2020). «Білім туралы» Заңы. [Электронды ресурс/ Электронный ресурс/ Electronic resource], Қолжетімді: [https:// adilet.zan.kz/](https://adilet.zan.kz/) (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 6 мамыр).

Қазақстан Республикасы (2022). Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (accessed: 27 September 2025). (in Kazakh).

Қазақстан Республикасы (2021). «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы. [Электронды ресурс/ Электронный ресурс/ Electronic resource], Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 6 мамыр).

Мовкебаева, З.А. (2018) Вопросы подготовки педагогических кадров в Республике Казахстан к работе в условиях инклюзивного образования, Педагогика и психология, (2), с. 6-11. Қолжетімді: <https://cyberleninka.ru/article/n/kompetentsii-spetsialnogo-pedagoga-v-inklyuzivnom-obrazovanii> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 6 мамыр).

Мухатаева Д.И. (2018) Социально-педагогическое сопровождение процесса формирования проектной компетентности студентов в системе университетского образования: доктора философии (PhD). ... дис.: 6D012300. – Алматы: Казахский национальный университет им. аль-Фараби, 188 с.

Нагаев В.М. (2007) Методика преподавания в высшей школе. – Киев: Центр учебной литературы, 232 с.

Оспанов Е.Т. (2020) Академиялық жызылым негіздері. Алматы: «Білік» баспасы.

Садирбекова Д.К. (2018) Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру: философия док. (PhD). ... дис.: 6D010300. – Алматы: «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті», 167 б.

Хуторской А.В. (2008) Компетентностный подход в школе: от проектирования к реализации, Диалог культур и партнерство цивилизаций: VIII Международные Лихачевские научные чтения. СПб.: Изд-во СПб ГУП. – С.456-458.

Ekaterina Strekalova-Hughes; Kindel T. Nash; Bevin Schmer; Karnissa Caldwell. Meeting the Needs of All Cultureless Learners: (2021) 'Culture Discourse and Quality Assumptions in Personalized Learning Research', Review of Research in Education, 45(1), pp. 372-407. <https://doi.org/10.3102/0091732X20985081>.

Carole Lunny; Emma K. Reid; Trish Neelakant; Alyssa Chen; Jia He Zhang; Gavindeep Shinger; Adrienne Stevens; Sara Tasnim; Shadi Sadeghipouya; Stephen Adams; Yi Wen Zheng; Lester Lin; Pei Hsuan Yang; Manpreet Dosanjh; Peter Ngsee; Ursula Ellis; Beverley J. Shea; James M. Wright. (2022) 'A new taxonomy was developed for overlap across 'overviews of systematic reviews': A meta-research study of research waste', Research Synthesis Methods, 13(1), pp. 315-329. <https://doi.org/10.21203/rs.3.rs-665009/v4>.

Cecilia KY Chan; Hannah YH Wong. (2021) 'Students' perception of written, audio, video and face-to-face reflective approaches for holistic competency development', Active Learning in Higher Education, 24(1), pp. 79-93. <https://doi.org/10.1177/14697874211054449>.

Marnewick, C., Chetty, J. (2021) 'Mining and crafting a game to teach research methodology', Int J Educ Technol High Educ, 18(1), pp. 62-78. <https://doi.org/10.1186/s41239-021-00299-2>.

Mori, C. T., Tomanguillo, S. L. P., Tomanguillo, N. D. P. P., Sánchez, M. V., & Quijaite, J. J. S. (2025). Charting the path to excellence: A review of research competencies in university students. JOTSE, 15(2), pp. 364-379. <https://doi.org/10.3926/jotse.2729>.

Norma C. Ming; Lauren B. Goldenberg. (2021) 'Research Worth Using: (Re) Framing Research Evidence Quality for Educational Policymaking and Practice', *Review of Research in Education*, 45(1), pp. 129-169. <https://doi.org/10.3102/0091732X21990620>.

Pérez-Castejón, D., & Vigo-Arrazola, M. B. (2021) 'Investigating the education of preservice teachers for inclusive education: meta-ethnography', *European Journal of Teacher Education*, 47(1), pp.178–195. <https://doi.org/10.1080/02619768.2021.2019702>.

Roddy Theobald; Jay Plasman; Michael Gottfried; Trevor Gratz; Kristian Holden; Dan Goldhaber. (2021) 'Sometimes Less, Sometimes More: Trends in Career and Technical Education Participation for Students With Disabilities', *Educational Researcher*, 51(1), pp. 40-50. DOI:10.3102/0013189X211006361.

State program for the development of education and science in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025. [Электронды ресурс/ Электронный ресурс/Electronic resource] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988/> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 6 мамыр).

Yerzhanova, G. (2024). The problem of developing the research competence of special educators. *Journal of Special Education*, 1(1), 16–22. DOI:10.24234/se.v8i2.25.

Г.Ж. Ержанова¹, А.Н. Аутаева²

¹*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

²*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

Основы проблемы развития исследовательской компетенции будущих специальных педагогов

Аннотация. Статья посвящена рассмотрению основ проблемы развития исследовательской компетенции будущих специальных педагогов. В статье проведен анализ ценных исследований отечественных и зарубежных ученых дальнего и ближнего зарубежья по основам проблемы развития «исследовательской компетенции» будущих специалистов. Даны виды» компетенций " и их описание.

Цель статьи: выявить основы проблемы развития исследовательской компетенции будущих специальных педагогов.

Реализация данной цели определяется следующими задачами: опрос, направленный на выявление проблемы развития исследовательской компетенции будущих специальных педагогов; отбор проблемы развития исследовательской компетенции будущих специальных педагогов. Определение проблемы развития исследовательской компетенции будущих специальных педагогов в целях реализации этих задач.

С целью выявления проблемы развития исследовательской компетенции будущих специальных педагогов было дано содержание анкеты будущих специалистов, обучающихся по образовательной программе бв019-Специальная педагогика: Сурдопедагогика, олигофренопедагогика, тифлопедагогика, логопедия, охарактеризованы ее результаты. По результатам анкетирования выявлена проблема развития «исследовательской компетенции " будущих специальных педагогов. Вопросы развития исследовательской компетенции будущих специальных педагогов: внедрение дисциплины по выбору» развитие исследовательской компетенции специальных педагогов», организация мероприятий по плану клуба» Молодые ученые", проведение конкурсов в объеме республиканских, университетских, институтских, кафедр, участие в международных, республиканских научных конференциях.

Ключевые слова: компетенция; компетентность; исследовательская компетенция; будущие специальные педагоги; проблема развития «исследовательской компетенции»; методы; образование.

G. Yerzhanova ¹, A. Autayeva²

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

²*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

Fundamentals of the problem of developing the research competence of future special teachers

Abstract. The article is devoted to the consideration of the foundations of the problem of developing the research competence of future special teachers. The article analyzes the valuable research of domestic and far and near foreign scientists on the basics of the problem of developing the "research competence" of future specialists. The types of "competencies" and their description were given.

The implementation of this goal is determined by the following tasks: obtaining a questionnaire aimed at identifying the problem of developing the research competence of future special teachers; selecting the problem of developing the research competence of future special teachers. To identify the problem of developing the research competence of future special teachers in order to implement these tasks.

According to the results of the survey, the problem of developing the "research competence" of future special teachers was identified. The development of research competence of future special teachers provides for the introduction of the elective discipline "development of research competence of special teachers", the organization of events according to the plan of the club "Young Scientists", the holding of competitions at the Republican, University, Institute, Department, participation in international and Republican scientific conferences.

Keywords: competency; competence; research competency; future special educators; the problem of developing "research competence"; methods; education.

References

- Arsent'eva M.V. (2012). Psihologicheskie faktory uspehnogo obuchenija studentov v vuze, *Izvestija Tul'skogo gosudarstvennogo universiteta. Tehnicheskie nauki*, [Psychological factors of successful student education at the university]. 11. №. 2.- S. 214-221. Available at: <https://elibrary.ru/item.asp?id=18963090> (Accessed: 6 May 2025). (in Russian).
- Autayeva A. N., Mahmetova A. A., Butabaeva L. A. (2011). *Surdopedagogika negizderi*. [Fundamentals of sign language therapy]. - Almaty: Abaj atyndary QazYPU "Ylarat" baspasy. - . - 155 b. (in Kazakh).
- Efrichjova O. Ju., Mel'nik I. V., Mihajljukova V. S. (2021). Issledovatel'skaja kompetencija: ee sushhnost' i sodержanie, [Research competence: its essence and content]. *Aktual'nye issledovaniya*, 14 (41). - S. 59-62. Available at: <https://elibrary.ru/item.asp?id=45535672> (Accessed: 6 May 2025). (in Russian).
- Kazakhstan Respublikasy (2020). «Bilim turaly» Zańy [Law of the "On education"]. Available at: <https://adilet.zan.kz/> (accessed: 6 May 2025). (in Kazakh).
- Kazakhstan Respublikasy (2022). Gylym zhane zhogary bilim ministrining bujrygy [Order of the Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (accessed: 6 May 2025). (in Kazakh).

Kazakhstan Respublikasy (2021). "Mumkindigi shekteuli balalardy aleumetti zhane meditsinalyq-pedagogikalyq tuzeu arqyly qoldau turaly" Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan "On social and medical-pedagogical correctional support for children with disabilities"]. Available at: <https://adilet.zan.kz/> (accessed: 6 May 2025). (in Kazakh).

Movkebaeva, Z.A. (2018). Voprosy podgotovki pedagogicheskikh kadrov v Respublike Kazahstan k rabote v usloviyakh inkljuzivnogo obrazovaniya, [Issues of teacher training in the Republic of Kazakhstan for work in inclusive education]. *Pedagogika i psihologija*, (2), s. 6-11. <https://cyberleninka.ru/article/n/kompetentsii-spetsialnogo-pedagoga-v-inklyuzivnom-obrazovanii> (Accessed: 6 May 2025). (in Russian).

Muhataeva D.I. (2018) / Social'no-pedagogicheskoe soprovozhdenie processa formirovaniya proektnoj kompetentnosti studentov v sisteme universitetskogo obrazovaniya: [Socio-pedagogical support of the process of formation of students' project competence in the university education system]. doktora filosofii (PhD). ... dis.: 6D012300. – Almaty: Kazahskij nacional'nyj universitet im. al'-Farabi, 188 s. (in Russian).

Nagaev V.M. (2007) *Metodika prepodavaniya v vysshej shkole*. [Methods of teaching in higher education]. – Kiev: Centr uchebnoj literatury, 232 s. (in Russian).

Ospanov E.T. (2020) *Akademiyalyq zhyzylym negizderi*. [Fundamentals of academic performance]. Almaty: «Bilik» baspasy. (in Kazakh).

Sadirkbekova D.K. (2018) *Bolashaq pedagogtardyn basqarushylyq qyzyrettiligin qalyptastyru*: [Formation of managerial competencies of future teachers]. filosofija dok. (PhD). ... dis.: 6D010300. – Almaty: «Abaj atyndaғы Қазақ ұлттық педагогикалық universiteti», 167 b. (in Kazakh).

Hutorskoj A.B. (2008) *Kompetentnostnyj podhod v shkole: ot proektirovaniya k realizacii*, *Dialog kul'tur i partnerstvo civilizacij*: [Competence-based approach at school: from design to implementation, Dialogue of cultures and partnership of civilizations]. VIII Mezhdunarodnye Lihachevskie nauchnye chteniya. SPb.: Izd-vo SPb GUP. – S.456-458. (in Russian).

Ekaterina Strekalova-Hughes; Kindel T. Nash; Bevin Schmer; Karnissa Caldwell. Meeting the Needs of All Cultureless Learners: (2021) 'Culture Discourse and Quality Assumptions in Personalized Learning Research', *Review of Research in Education*, 45(1), pp. 372-407. <https://doi.org/10.3102/0091732X20985081>.

Carole Lunny; Emma K. Reid; Trish Neelakant; Alyssa Chen; Jia He Zhang; Gavindeep Shinger; Adrienne Stevens; Sara Tasnim; Shadi Sadeghipouya; Stephen Adams; Yi Wen Zheng; Lester Lin; Pei Hsuan Yang; Manpreet Dosanjh; Peter Ngsee; Ursula Ellis; Beverley J. Shea; James M. Wright. (2022) 'A new taxonomy was developed for overlap across 'overviews of systematic reviews': A meta-research study of research waste', *Research Synthesis Methods*, 13(1), pp. 315-329. <https://doi.org/10.21203/rs.3.rs-665009/v4>.

Cecilia KY Chan; Hannah YH Wong. (2021) 'Students' perception of written, audio, video and face-to-face reflective approaches for holistic competency development', *Active Learning in Higher Education*, 24(1), pp. 79-93. <https://doi.org/10.1177/14697874211054449>.

Marnewick, C., Chetty, J. (2021) 'Mining and crafting a game to teach research methodology', *Int J Educ Technol High Educ*, 18(1), pp. 62-78. <https://doi.org/10.1186/s41239-021-00299-2>.

Mori, C. T., Tomanguillo, S. L. P., Tomanguillo, N. D. P. P., Sánchez, M. V., & Quijaite, J. J. S. (2025). Charting the path to excellence: A review of research competencies in university students. *JOTSE*, 15(2), pp. 364-379. <https://doi.org/10.3926/jotse.2729>.

Norma C. Ming; Lauren B. Goldenberg. (2021) 'Research Worth Using: (Re) Framing Research Evidence Quality for Educational Policymaking and Practice', *Review of Research in Education*, 45(1), pp. 129-169. <https://doi.org/10.3102/0091732X21990620>.

Pérez-Castejón, D., & Vigo-Arrazola, M. B. (2021) 'Investigating the education of preservice teachers for inclusive education: meta-ethnography', *European Journal of Teacher Education*, 47(1), pp.178–195. <https://doi.org/10.1080/02619768.2021.2019702>.

Roddy Theobald; Jay Plasman; Michael Gottfried; Trevor Gratz; Kristian Holden; Dan Goldhaber. (2021) 'Sometimes Less, Sometimes More: Trends in Career and Technical Education Participation for Students With Disabilities', *Educational Researcher*, 51(1), pp. 40-50. DOI:10.3102/0013189X211006361.

State program for the development of education and science in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025. [Электронды ресурс/ Электронный ресурс/Electronic resource] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988/> (Accessed: 6 May 2025).

Yerzhanova, G. (2024). The problem of developing the research competence of special educators. *Journal of Special Education*, 1(1), 16–22. DOI:10.24234/se.v8i2.25.

Авторлар туралы мәліметтер:

Ержанова Гульнур Жарбулгановна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология институты, 8D01901 - «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасының PhD докторанты, Достық көшесі, 13, 050010, Алматы, Қазақстан

Аутаева Акбота Нурсултановна – хат-хабар авторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология институты, психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Достық көшесі, 13, 050010, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

Ержанова Гульнур Жарбулгановна – PhD докторант образовательной программы 8D01901 – «Специальная педагогика», Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Институт педагогики и психологии, ул. Достык, 13, 050010, Алматы, Казахстан

Аутаева Акбота Нурсултановна – автор для корреспонденции, кандидат психологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Институт педагогики и психологии, ул. Достык, 13, 050010, Алматы, Казахстан

Information about the authors:

Yerzhanova Gulnur – PhD doctoral student of the educational program 8D01901 - "Special Pedagogy", Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Institute of pedagogy and psychology, Dostyk str., 13, 050010, Almaty, Kazakhstan

Autayeva Akbota – corresponding author, Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Institute of pedagogy and psychology, Dostyk str., 13, 050010, Almaty, Kazakhstan